

## Дағдарыстан – жаңғыру мен дамуға

**26.01.11.**

**Ұлттық қорларымыздағы алтын-валюталық қазынамыз 60 миллиард долларға жетті!**

**2011 жылдың 1 қаңтарына дейінгі есеп бойынша банктеріміздің сыртқа қарызы мол мөлшерде азайып, бар болғаны 17 миллиард долларды құрады.**

2007 жылдың тамыз айында АҚШ ипотекалық жүйесінде басталған қаржы дағдарысы келе-келе дүниежүзіне тұмаудай тарап, әлемнің көптеген мемлекеттері бұл дерттен әлі сауыға қойған жоқ. Олай дейтін себебіміз, 2008 жылы басталған өндірістік рецессия 2009-2010 жылдары дүниежүзі бойынша одан әрі жалғасып, тіпті 2011 жылдың алғашқы айының өзінде әлемдік экономикада түзелудің орнына кері кетушілік белең алып тұр. Кезінде біздің елдің таңдаулы ғалымдары "Айқын" газетінде "Дүниежүзілік қаржы-экономикалық дағдарыс кезеңін Қазақстан өз пайдасына шеше алады" деп жазған болатын. Ал Елбасымыз 2007 жылдың тамызынан көп ұзамай-ақ, дағдарыстың болуы мүмкін салдарын азайту үшін екінші деңгейдегі банктерге ұлттық қордан 4 миллиард доллар көлемінде несиелік қаржымен қолдау көрсетті. Әрине, бұл аз қолдау емес еді. Десек те, 2007 жылдың тамызына дейінгі қарқынды даму кезеңінде еліміздің ұлттық рейтингінің жоғары болуына байланысты банктердің шетелдерден және халықаралық қаржы институттарынан жеңілдігіне қызығып алынған несиесі көп еді. Ал ол жақтың бұдан былайғы кезеңде қаржыландыруы тоқтатылған соң, банктердің бұрынғы несиені қайтаруына тура келгенде жағдай ушығып жүре берді. Мұны да алдын ала болжап білген Президент Нұрсұлтан Назарбаев тікелей нұсқау беріп, Үкімет, Ұлттық банк және қаржы-қадағалау ұйымдарының жұмыстарын бақылау агенттігінің 2009-2010 жылдардағы бірлескен іс-қимыл жоспарын жасаттырып, іске қосты. Жүйе құрушы екінші деңгейдегі бірқатар банктердің басты акционері ретінде "Самұрық-Қазына" әл-ауқат қоры білек сыбанып жұмысқа кірісті. Ұлттық қор менеджменті сөйтіп, еліміздің қаржы жүйесіндегі барлық "дертті" емдеумен айналысты. Шетелге қарыздарды қайта құрылымдады. Ауқымды көлемде мониторинг жүргізді. Не керек, біраз кемшіліктердің бетін ашып, оны түзеу шараларын өндіріске енгізді. Шетелдік инвесторлармен несиелік қарыздарды қайта құрылымдауға орай келіссөздер жүргізіп, оларды жемісті аяқтады. Осындай "арудың алдын алған" игі шаралардың нәтижесінде 2009 жылдың өзі Қазақстан үшін экономикалық дамуды ақиқатқа айналған кезеңі ретінде тіркелді. Бұл жылы Қазақстанның жылдық жалпы ішкі өнімінің өсімі 1,2 пайызды құрады. Бүкіл дүниежүзі мол мөлшердегі рецессиялық сандарды тіркесе, Қазақстан осылайша бір жыл болмай-ақ дағдарыстан аман-есен шыға келген ел болды. Ол - ол ма, "Жол картасы" деп аталатын арнайы бағдарлама жасап, жүзеге асырған атқарушы билік бұл жылы жұмыссыздық деңгейін 6,2 пайызға дейін түсіре алды. Әлемде жұмыссыздық 9-15 пайыз аралығында болып жатқанында, тіпті Батыстың кейбір мемлекеттері өздерін "дефолт" деп жариялап жатқанда, жүз жылдық тарихы бар қаржы институттары мен кейбір трансұлттық компаниялар саудаға шығарылып, талан-тараж болып жатқанында, еліміз дағдарудың орнына дамуға ұмтылуға қабілетті екенін осылайша іс жүзінде дәлелдеп шықты. Тіпті бұл жылы инфляцияның өзі шегінді. Көптеген істер тындырылды. Еліміздің аса қарқынды дамыған жылдарының өзінде билік қолы тимеген көптеген елді мекендер мемлекеттік қамқорлықтың не екенін өз өмірлерінде көргендей болды. Жолдар дұрысталып, әлеуметтік нысандар бой көтере бастады. Сол "Жол картасы" бағдарламасы аясында тындырылған істерге ұлан-байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде ризашылық тілек білдіргендер жетіп артылады. Алыстағы ауылдар мен аудандардың егемендік жылдарынан бері жұмыс істеп көрмеген тұрғындары еңбек етіп, ақша табу мүмкіндігіне ие болды. Үкімет, кәсіподақтары және жұмыс беруші жекеменшік иелері өздері келісім шарттар жасасып, меморандумдарға қол қойды. Бұл Қазақстанда дүниежүзіндегі жағдайға байланысты қысқартулар табиғи түрде болуы тиіс десек те,

осынау келеңсіздікті отандастарымыз өз тұрмысында сезінерліктей дәрежеге жетпеуін қамтамасыз етті.

2009-2010 жылдарда Қазақстан қарқын үстіне қарқын қосты десек, бұл орайда ең алдымен ұлттық Көшбасшымыздың көрегендігін, сондай-ақ оның дер кезінде берген нұсқаулары мен тапсырмаларын орындауда Үкіметтің және жергілікті атқарушы билік өкілдерінің бір кісідей жұмылып, үлгерімдік пен тындырымдылық үлгісін көрсеткенін айта кеткен жөн. Елбасымыздың өзі берген тапсырмаларының орындалу барысын жіті қадағалап отырды. "Әр сала, әр аймақ не тындырып жатыр?" деген сұрақ осы екі жылда да жоғары биліктің күн тәртібінен түспеді. "Дағдарыс кезеңін де Қазақстан өз пайдасына шеше алады" деген ғалымдарымыздың болжамдарын, сөйтіп, нақты өмірімізде көре алдық. 2007 жылдың тамызына дейін жұмыс істеп, ақша алып көрмегендердің өздері де пайдалы іспен айналыса бастады. Бүкіл Қазақстан дағдарыс дегенді білмеген екпінді еңбек майданына айналды. Ақыр аяғында 2010 жылы еліміздің жылдық ішкі жалпы өнімі Үкімет болжаған 3,5 пайыздың, халықаралық валюта қоры болжаған 4 пайыздың орнына 7 пайызға жетіп жығылды. Мұндай көрсеткішті қамтамасыз ете алған әлемнің 200-ден астам мемлекетінің 5-еуі ғана. Соның бірі - Қазақстан. Сондай-ақ 2010 жылы жұмыссыздық деңгейі 5,6 пайызбен шектелді. Бұл да дүниежүзіндегі ең жақсы көрсеткіштердің бірі еді. Батыс Еуропаның дамыған елдерінде 2007 жылдың тамызына дейін 2-3 пайызды көрсеткен жұмыссыздық деңгейі 9-12 пайыздан асып кетті. Өйткені мұнда қысқартулар орын алды. Ал бізде керісінше жаңа жұмыс орындары ашылды. 2009 жылды ойдағыдай қорытындылаған Қазақстан Республикасының Президенті еліміздің мүмкіндіктері мен болашағын және дүниежүзінде қалыптасқан жағдайды толық ғылыми екшеуден өткізе отырып, "Дағдарыстан жаңғыру мен дамуға" деген бастама көтерді де, өзінің 2010 жылғы Жолдауында Үкіметке "2010-2020 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму" бағдарламасын жасап, жүзеге асыруды тапсырды. Өзінің Қазақстан халқына Жолдауында Елбасымыз "Қазақстан - 2030" стратегиялық даму бағдарламасының алғашқы кезеңі ойдағыдай орындалғанын, айтарлықтай тәжірибе мен қор жинақталғанын енді соларды еліміздің экономикасының түбінен қайта құрылымдауға, дәлірек айтқанда, көптаратпандыру саясатын шындап жүзеге асырып, қосымша құны мол тауарлы өндірістің үлесін өсіру, сол үшін алдағы 10 жылда тек қана инновациялық-индустрия құру ісімен айналысу керектігін мәлімдеді және бұлардың аса басым тұстарын өзі көрсетіп берді. Олар мұнай-газ химиясы, фармацевтика, аграрлық саладағы өңдеу-ұқсату кәсіпорындары, тау-кен өндірісі, ядролық энергетика, құрылыс индустриясы, халықаралық стандартқа сай транзиттік тасымал дәлізі болатын "Батыс Қытай - Батыс Еуропа" тас жолы екенін Елбасымыз осы халыққа Жолдауы кезінде атап көрсетті. Ал дәл осы жұмыстарды атқаруға ұлттық қордан 8 триллион теңге көлемінде қаражат бөлуге рұқсат етті. Сөйтіп, Елбасымыз кең ауқымды еңбек майданында тағы да екпінді шабуыл басталатынын жариялады. Бір назар аударарлық тұс - дәл осы бағдарламаны Елбасымыз жариялаған кезде әлемдік қор биржаларындағы біздің экспорттық тауарларымыздың бағасы мейлінше түсіп кеткен еді. Осыны өз бастамасына негіз етіп алған Нұрсұлтан Әбішұлы "Шикізатқа байланған күніміз осы, ал әлемдік қор биржаларында баға мәңгілік тұрақты болмайды. Сондықтан экономикамызды көптаратпандырып қосымша құны мол тауарлы өндіріс ұйымдастыруға тиіспіз" дегенді кесіп айтты. Ауыл шаруашылығында да, өнеркісіпте де еңбек өнімділігі еселеп артуы тиіс болды. Өсім осылардың есебінен алынбақ. Мінеки, Елбасымыз қойған міндет осы еді. Президент Н.Назарбаев бағдарламаны орындаған кезде еліміздің алатын шебін айқындап берді. Ол ұлттық қорларымыздағы алтын-валюталық қазынамыз барлық атқарған істердің нәтижесінде 2020 жылға қарай 90 миллиард долларды құрауы тиіс, ал бұл жылдық ішкі жалпы өнімнің 30 пайызындай болуы керек деген нақты міндет еді. Көзіқарақты адамға 2020 жылы неге жететінімізді есептеп шығу қиын емес. Бұл - дәл сол жылы еліміздің жылдық ішкі жалпы өнімі 270 миллиард долларды құрауы керек деген сөз. Осыдан шығатын қорытынды, Елбасымыз атқарылған жұмыстардың нәтижесінде Қазақстанның

жан басына шаққандағы жылдық ішкі жалпы өнімі шамамен 15 мың доллардан асатындай нәтижеге жетуді міндеттеп тұр. Мұны Үкімет те, жергілікті атқарушы билік те, көзіқарақты қалың бұқара да жақсы түсінеді. Президентіміздің ауқымды тапсырмасын орындауға Қазақстанның атқарушы билігі біркісідей жұмыла кірісті. Стратегияны жүзеге асыру үшін кейбір салалар өздерінің тактикалық жүрістерінде бірқатар өзгерістер жасады. Айталық, Президентіміздің тікелей нұсқауымен салықтық жеңілдіктер өмірге келді. Бұл - еліміздің жаңа Салық кодексінде заңдастырылды. Сөйтіп, 2010 жылы еліміз жеңілдетілген салық мөлшерлемесі бойынша жұмыс істеді. Ал индустриялық-инновациялық бағдарлама шеңберіне енген серпінді жобалар толығымен салықтық жеңілдіктер заңын пайдаланды. Бастапқыда "Бұл қандай нәтиже берер екен, бюджеттің салықтық үлесі тола ма?" деген сұрақ талайды алаңдатқан еді. Жыл қорытындысында алаңдауымыз бекер болғанын түсіндік. Жоспардағы салықтық кіріс артығымен орындалды. Ал Қазақстан болса, салықтық жеңілдіктерге қатысты инвестициялық тартымдылық жағынан әлем мемлекеттер арасында 39 елге ие болды. Тіпті Ресей Федерациясының өзі бұл кестеде бізден көш төмен қалды. Нәтижесінде Қазақстанның 2010 жылға белгілеген индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының алғашқы жылына пайдалануға берілуге тиісті нысандар түгелдей дерлік мерзімінен бұрын іске қосылды. Бір жылда 152 жаңа өндірістік нысанды пайдалануға беріп, іске қосқан тек біздің Қазақстан ғана. Мұның өзі бүкіләлемдік қаржы дағдарысы жалғасып жатқан 2010 жылы мүмкін болған ақиқат екенін еске алсақ, атқарушы биліктің тындырымдылығына, мемлекет пен жекеменшік капиталдың бірлесіп жұмыс істей алатындығына риза боласың. Жоғарыда айтқанымыздай, атқарушы билік негізгі стратегиялық бағдарламаны орындау барысында тактикалық тәсілдерді өзгертуге мәжбүр болды. Мұның ішінде халық арасында да, шетелдік сарапшы институттар арасында да алуан пікір туғызғаны теңгенің бір мезетте 25 пайызға девальвацияланғаны. Ұлттық банк төрағалығына Григорий Марченко тағайындалғаннан көп ұзамай-ақ, жаңа бастық журналистер қауымын шақырып алып, өзінің өндіріске енгізген жаңалығын жариялады. Дәл сол кезде, кейбіреулер "Қазақстанға дағдарыс енді келді", "Енді жаппай қымбатшылық басталады", "Халық күйзеліске ұшырайды", "Әсіресе, импорт тауарлар, оның ішінде дәрі-дәрмек қымбаттайды" деп сәуегейлік жасады. Ал "Айқын" газетінде еліміздің таңдаулы экономист ғалымдарына сөз беріліп, олар "Мұның өзі мерзімдік қажеттілік, халықаралық қор биржаларында мұнай мен металл бағасы төмендеп жатқанында макроэкономикамыздың негізгі буыны осы салаларды осылай қолдамаса болмайды. Ал импорт қымбаттайды деу - бекершілік. Шетелдіктер дағдарыс кезінде рецессияға тежеу қою үшін өндіріске енгізетін бір шара - демпингтік сауда. Демек, импорт тауар, оның ішінде дәрі-дәрмек қымбаттамайды" деген болжам айтқан еді. Біздің Елбасымыздың әрбір қадамды ғалымдар екшеуінен өткізіп алып, жасайтыны белгілі. Сондықтан да "дамудың қазақстандық жолы" әлемдегі ең дұрыс жол екенін шетелдік сарапшылардың өзі мойындады. Бұл жолы да Президентіміздің Григорий Марченко бастамасына тежеу қоймауы оның ғылыми сараптан өткен іс екенін білгендігі болар. Ақыры көпті қобалжытқан бұл бастама да өзінің оң нәтижесін берді. Шетелге валютаның көптеп кетуі мейлінше қысқа мерзім ішінде тежелді. Оның есесіне макроэкономикамызда қысқартулар орын алған жоқ. 2010 жылдың қорытындысында ұлттық қорларымыздағы алтын-валюталық қазынамыздың көлемі 58 миллиард доллардан асты. Бұл қарқынды даму жылдарындағы байлығымыздан да көп қазына еді. Мұның сыртында сыртқы берешек әжептәуір қысқарды. Орайы келгенде кейбір нақты пікірлерге тоқтала кеткен жөн. 2009 жылдың 4 ақпанында profinance.kz "Бизнес" ассоциациясының президенті Бахытриза Дүйсенбаевтың айтқанын жариялады. Онда ол "девальвация дүниежүзілік сипат алды, әлемдік экономиканың құрамына енген соң, бұған бізде ерте ме, кеш пе қадам басамыз. Принципінде бұл дұрыс. Ал өмірде Ұлттық банктің бұл қадамынан ең алдымен қарапайым халық зардап шегетін болады" дегенді жазды. Ал өмірдің ақиқатына көз жүгіртсек, бұл жүзеге аспаған сәуегейлік болып шықты. Елбасымыз 2009-2010 жылдарда екі рет қатарынан бюджеттік міндетті

төлемдерді 25 пайыздан 50 пайызға өсіруді бұдан бұрын да жоспарлап қойған болатын. Ал Үкімет Елбасы тапсырмасын бұлжытпай орындады. Сөйтіп, әлем үшін қысқартулар мен рецессиялар кезеңі болып тіркелген 2009-2010 жылдар Қазақстан үшін халқының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының жақсаруы болып тарихқа енді. Инфляция 2009 жылы 6,2 пайызды құраса, 2010 жылы 7 пайызбен шектелді. Мінеки, ақиқат - осы. Кейбіреулер қазіргі кезде "Қазақстанға дүниежүзінің қор биржаларындағы шикізат бағасының өсуі аса қолайлы болды" дегенді айтып, атқарушы биліктің барлық игі қадамдарын жоққа шығарғысы келеді. Рас, қор биржаларындағы баға біз үшін қолайлы болды. Десек те, мемлекеттің жылдық ішкі жалпы өніміндегі өсімнің 5 пайызы натуралды өсім есебінен алынды. Бар болғаны екі пайызы ғана номиналдық өсімнің бергені. Мұның ішінде 2010 жылғы экономикаға құйылған мол көлемдегі инвестиция, соның ішінде индустриялық-инновациялық бағдарлама шеңберінде пайдалануға берілген серпінді жобалардың бергені де болды. Өйткені бұл жобалар, негізінен, қосымша құны мол тауарлы өндіріс жасады ғой. Мәселен, шетелге руда емес, металл шығаруды арттырдық. Алтын кенін емес, тазартылған алтын экспорттадық. Энергия импортын азайтып, оның орнын өзімізде өндірілген энергиямен толықтырдық. Қысқасы, осының бәрі де шығынды азайтып, бағаны өсірген бір іс болды. Ал шикізаттың, оның ішінде бағасының өскенінен алған валюта, негізінен, ұлттық қорға тікелей құя алатыны баршаға белгілі. Осылардың бәрін ой елегінен өткізе алған білімді адамға бұл "ойда жоқта тәңірі жарылқаған бір істің табағымызға салған сыбағасы емес, өзіміздің ғылыми негізделген бағдарлама бойынша жұмыс істеп, алған нақты еңбегіміздің төлемі" екенін енді түсіндірудің қажеті қанша?! Бұл - бір. Екіншіден, Ұлттық банктің дәл осындай дер кезінде жүзеге асырған ғылыми негізді қадамдарының нәтижесінде макроэкономика дағдарысқа ұшырау түгіл, қайта өрлеу дәуіріне негіз қалап шықты. Бұл орайда, барлық мұнай өңдеу зауыттары күрделі жөндеуден өтіп, қайыра жаратандырылғанын, қазба байлықтарын игерушілер металл өндіру зауыттарын салып, пайдалануға бергендігін еске салып отырмыз. Егер Ұлттық банк дер кезінде осындай қадам жасамаса, мұның бірі де болмас еді. Орайы келгенде айта кетейік, әлемде девальвация жалпыға бірдей орын алды. Тіпті доллардың өзі 2010 жылы 12 пайызға құнсызданды, ал евро болса 19 пайызға бағасын түсірді. Біздің ең жақын көршіміз Ресей Федерациясының рублі 25 пайыздық құнсыздандуды бастан кешті. Шамамен біздің елдегідей, бірақ олардағы девальвация ел экономикасына тек демеушілік қана қызмет атқара алды. Ал біздегі девальвация қайта өрлеуге жол ашты. Егер салыстырмалы түрде сөйлер болсақ, теңгеміз девальвацияға ұшыраған 2009 жылы ақпанда ұлттық қорларымызда 43 миллиард доллар алтын-валюталық қазынамыз болған екен. Ал үстіміздегі жылдың алғашқы айында бұл көрсеткіш 60 миллиард долларға жетіпті. Ескерте кетейік, сыртқы қарыз қысқарған жағдайдың өзінде осындай ірі табысқа қол жеткізе алдық. "Қайта өрлеу дәуірі" басталды дегенде біз осыны айтып отырмыз.

Енді тағы бір нақты мысалды оқырманның есіне сала кеткіміз келеді. Жалпы, дүниежүзі бойынша халықтың сатып алу мүмкіндігі 35 пайызға кеміген екен. Ал біздің елде ол дағдарысқа дейінгі кездегіден әлдеқайда өсті. Осы уақытқа дейінгі бюджеттік міндетті төлемдердің 50 пайыздық өсіміне биылғы 30 пайыздық өсім тағы қосылады. Нәтижесінде бюджеттік төлемдер 100 пайызға көбейген болып шығады. Егер еліміздегі 25 пайыздық девальвацияны және өткен екі жылдағы, тіпті биылғы болуы мүмкін ең жоғары мөлшер 8 пайыздық инфляцияны қосқан күннің өзінде жиынтығында тұрғындардың сатып алу қабілеті шамамен 50 пайызға артқандығын байқауға болады. Демек, біздің ғалымдардың "Қазақстан дағдарыс кезеңін де өз пайдасына шеше алады" деген пікірі жүзеге асқан іс болып шықты.

Ораз БАЙМҰРАТОВ, ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы:  
- Қазақстанның дүниежүзілік дағдарыстан онша зардап шекпей, керісінше, жаңғыру мен дамуға бет бұруы - менеджменттің ғылыми негізде жұмыс істей алуының нәтижесі. Ал капитализм дүниесі "рынокты көрінбейтін қол өзі реттейді" деген теориямен жұмыс істейді.

Жаһандану заманында орта ғасырдағы бұл қағида дәрменсіз болып шығатынын өмірдің өзі көрсетіп берді. Әлемнің ең дамыған елдерінің өздері әлі күнге дағдарыс батпағында малтығуда. Халықаралық валютаның тауарға айналғандағы адамзатқа бергені - осы. Демек, Нұрсұлтан Назарбаевтың дер кезінде ішкі рынокты басқару тетіктерін бір мақсатқа жұмылдыра беруі дұрыс тәсіл болып шықты. Сол арқылы Елбасымыз 2010-2020 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыруға негіз қалап алды. Осы бағдарлама бойынша жұмыс істеген өткен жыл нәтижелі қорытындыланды. Биыл не боларын уақыт көрсетер. Ең бастысы, қиналмайтындай қорымыз бар. Егер дүниежүзілік жағдай туралы сөз етер болсақ, онда адамзат үлкен дауыл алдында тұр дей аламыз. Мұны әлемдік ғалымдар бір дауыспен айтып жатыр. Себебі алтын қымбаттап барады. Әр дағдарыстың алдында осылай болатын әдеті. Бір мемлекеттің қажеті үшін халықаралық валюта ешқандай есепсіз шығарыла берсе, адамзаттың тірелетін жері қайсы екенін болжаудың өзі қиын. Сондықтан еліміздің индустриялық-инновациялық бағдарламасына аса жауапкершілікпен қараған жөн. Ол дауыл боларын білген елдің одан қорғану үшін соққан дуалы емес, одан пайда табу үшін жасаған желдирмені болары сөзсіз. Сәуле ЫНТЫҚБАЕВА, экономика ғылымдарының докторы, профессор:

- Көңіл аударарлық тұс - Қазақстанның салықтық жеңілдіктерді енгізген алғашқы жылдың өзінде бюджеттік кірістердің артығымен орындалуы. Міне, бұл бізді жарқын болашақтарға жетелейтін игі қадам. Қарайықшы, әлемде дағдарыстан онша зардап шекпегендер - оффшордағы мемлекеттер. Сонан соң Қытай. Қытай Социалистік жоспарлы жүйедегі коммунистер басқаратын мемлекет. Сонан соңғы көрсеткіш біздікі. Жоғарыда аталғандардың қай-қайсысында да салық дүниежүзі бойынша ең төменгі мөлшерде. Ендеше, салықтық жүкті жеңілдету арқылы біздің Елбасымыз дамуымызға жарқын жол ашып берді. Әрине, салық жүйесі әлі де жетілдіріле береді. Кенжеғали САҒАДИЕВ, ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, Мәжіліс депутаты:

- Нұрсұлтан Әбішұлын өзінің әріптестері түгелдей дерлік "бағдарламашыл" (прагматик) көшбасшы дейді. Мен бұған қосыламын. Ол кісі әрқашанда әр қадамын ең әуелі ғалымдар сарабына салып, өлшеп-пішіп алады. Тіпті осы жолғы дағдарысты да мерзімінен бұрын көре білген мемлекет басшысы жалғыз біздің Нұрекең шығар. Олай дейтін себебім, біздің елде ертеректе белгіленген, Президент Жолдауларында айтылған салықты төмендету, азаматтардың бюджеттік кірістерін үш жыл бойы кезең-кезеңмен өсіріп, жүз пайызға арттыру, "Қазына" және "Самұрық" аталатын компаниялар құру, мұнай экспортынан түскен валютадан ұлттық қор жасақтау, не керек көптеген игілікті істер осы дағдарыс болатынын біліп, алдын ала қамданған басшының нақты және оң қадамдары. Бертінде мемлекеттік екі компанияны біріктіріп, үлкен "Самұрық-Қазына" әл-ауқат қорын жасақтады. Бұл қордың құзырына бүкіл мемлекеттік компаниялар активтері берілді. Бұл да бір оң қадам болды. Қазақ "қойшы көп болса, қой арам өледі" деген екен. Сол айтқандай, "сен салар да мен салар, атқа жемді кім салар?" дегеннің кері келмеуі үшін мемлекеттің қуатты күші бір нүктеге топтастырылды. Сонан соң іріленген "Самұрық-Қазына" әл-ауқат қорын басқаруға талай сыннан сүрінбей өткен жаста болса іскер, білімді және табанды Қайрат Келімбетов тағайындады. Мінеки, осы Қайрат Келімбетовтің басқаруындағы "Самұрық-Қазына" әл-ауқат қоры 2007 жылдың тамызынан бергі қиын да, қауырт, батыл шешімдер мен қадамдарға толы бүгінге дейінгі уақыт ішінде жүктің ең ауырын көтерді. Президентіміздің сенімін ойдағыдай ақтады. Әлемнің ғасыр бойы жұмыс істеген қаржы институттары дефолт болып жатқанында, біздің елде екінші деңгейдегі бірде-бір банктің қожырамауы осы сөзімнің нақты мысалы. Ол - ол ма, егер дәл осы "Самұрық-Қазына" әл-ауқат қоры ісіне араласпаса "БТА банк" былығы ашылар ма еді, ашылмас па еді?! Ал ол ашылмаған жағдайда не болар еді?! Дәл осы "Самұрық-Қазына" әл-ауқат қоры араласпаса, еліміздің ипотекалық жүйесі түгелдей дерлік күйрейтін еді. Дәл осы "Самұрық-Қазына" әл-ауқат қоры араласпаса, үлескерлер мәселесін толығымен шешу мүмкін болмас еді. Бұл - "Самұрық-Қазына" әл-ауқат қоры тындырған толып жатқан игі істердің бір парасы ғана. Ал

мына 2010-2020 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыру барысында бұл қорымыз атқарар жүк онан да ауыр. Өйткені еліміздің стратегиялық саласы осы қордың құзырында. Айталық, "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы, "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы еліміздің үкілі үміті секілді. Темір жолымыз талапқа сай болмаса, бүкіл экономиканың дамуы бос әурешілік. Ал "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық компаниясынан не күтетінімізді өздеріңіз білесіздер. Бізді әлемнің ең мықтыларымен теңестіретін осы компания. Сондай-ақ ғарыштық бағдарламамыз да "Самұрық-Қазына" әл-ауқат қорының жұмысына қарай жемісті болмақ. Мінеки, Елбасымыз бір ғана осы қорды құру арқылы қандай көлемдегі істі тындырып отырғанын енді дәлелдеудің қажеті жоқ шығар. Ресми деректер де, ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің пікірлері де "дамудың қазақстандық жолы" дұрыс болғанын дәлелдеп тұр. Ендеше, Алла алдымыздан жарылқасын дейік.

Иә, дүниежүзінің танымал ғалымдары бір дауыспен айта бастағанындай, бүкіләлемдік қаржы дағдарысының шарықтау шыңы әлі алда. Ондай дүлейдің болатынын біз де біліп отырмыз. Соны білгендіктен де ұлттық Көшбасшымыз "одан қорғанатын дуал тұрғызудың орнына оның пайдасын көретін диірмен соқтырып жатыр". Мінеки, мүмкіндік пен кеменгерліктің және мемлекетшілдіктің түйіскен нүктесі - осы.

**Ресми мәліметтер мен ғалымдар  
пікірлеріне сүйеніп бетті дайындаған  
Жұмабек ЖАНДІЛДИН, халықаралық  
"Еуразиялық экономикалық академияның"  
корреспондент мүшесі**

[http://www.aikyn.kz/index.php?option=com\\_content&task=view&id=5888&Itemid=32](http://www.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=5888&Itemid=32)